

**Терминологиялық сөздік
жасауға арналған
әдістемелік нұсқаулық**

Шерубай Құрманбайұлы

Терминологиялық сөздік жасауға арналған әдістемелік нұсқаулық.
– Астана, 2018. – бет.

Әдістемелік нұсқаулықта терминологиялық сөздіктердің түрлері, оларды жасауда басшылыққа алынатын принциптер, арнаулы сөздіктерді түзудің әдістемесі жөніндегі негізгі мәліметтер беріліп, сөздік жасау кезінде жиі кездесетін кемшіліктер көрсетіледі.

Нұсқаулық терминологиялық сөздік жасаушы түрлі сала мамандарына, терминологиялық жұмыстарды үйлестіру, ұйымдастыру ісімен айналысатын қызметкерлерге арналған.

ISBN.....

© Құрманбайұлы Ш.

Кіріспе

Қазақ тілінің ғылым саласындағы қолданысын қамтамасыз етуде жетілдірілген терминжүйе мен сапалы терминологиялық сөздіктердің алатын орны айрықша. Сол себептен де терминологиялық сөздіктер жасауға, оларды жасаудың әдістемесін жетілдіруге жете мән берген абзал. Практикалық терминтанудың негізгі мәселесі терминологиялық сөздіктерді жасаумен, терминдер мен терминжүйелерді біріздендіру, реттеу және стандарттау жұмыстарымен тығыз байланысты. Барлық терминологиялық жұмыстардың сапалы, жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асуы арнаулы салалық сөздіктердің жасалуымен байланысты болғандықтан, ондай сөздіктерді дайындау ісіне ерекше мән беріп, терминологиялық сөздіктер жасаудың әдістемесін үнемі жетілдіріп, олардың қолдануға қолайлылық деңгейін жаңа сатыға көтеріп отыру қашан да өзекті.

Бізде терминологиялық сөздіктер жасаудың бір ғасырға жуық тарихы мен тәжірибесі бар десек болады. Оған ХХ ғасыр басында жарық көрген «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» (Қызылорда, 1926.-135.), «Пән сөздері (Құрастырған: Н.Қаратышқанов. Қызылорда, 1927.), «Атаулар сөздігі» (Қызылорда, 1931.) сияқты алғашқы сөздіктерден бастап, 2014 жылы ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдауымен басылған 30 томдық «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздікке» дейінгі ондаған, жүздеген, одан бергі уақытта да шығып жатқан жекелеген сөздіктер куә бола алады. Лексикография, терминография мәселелерін Ә.Қайдар, Ш.Сарыбаев, Б.Қалиев, М.Малбақов, Е. Әбдірәсілов сынды тіл мамандары арнайы зерттеді. Ғылыми-теориялық тұрғыдан айқындалған, практикалық тұрғыдан басы ашылған, аражігі ажыратылған, жүйеленген мәселелер аз емес. Дегенмен уақыт орнында тұрған жоқ. Ғылым мен технология жедел дамып, көптеген жаңа салалар пайда болуымен қатар, терминжүйеге, терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптар да күшейіп, оларды жасаудың әдістемесі де дамып жатыр. Бұл тұрғыдан келгенде терминологиялық сөздіктер жасауды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету, оның жаңа қазіргі уақыт талаптарына лайық түрлі сөздік-анықтамалықтар мен тезаурустар жасау міндеті тұр. Бізде жалпы отандық лексикография жақсы дамып, әртүрлі типтегі сөздіктер жасаудың тәжірибесі орныққанымен кейбір елдердегідей терминологиялық сөздіктер түзудің теориясы мен практикасын арнайы қарастыратын жеке сала қалыптаса қоймаған. Терминологиялық сөздіктер жасау мәселесі әлі де лексикография шеңберінде қарастырылып келді. Мәселен, біздің ғалымдарымызға жақсы таныс көрші Ресейде бізбен салыстырғанда терминография мәселелері едәуір тереңірек зерттелген. Ресейде

терминография мәселелерімен айналысатын Мәскеу мектебі (К.Я. Авербух, С.В. Гринев, А.Д. Хаютин, Ю.Н. Марчук, С.Д.Шелов), Санкт-Петербург мектебі (А.С. Герд), Нижегород мектебі (Б.Н. Головин, Р.Ю. Кобрин, В.Н. Немченко), Орал мектебі (З.И. Комарова, В.Д.Табанаква) сияқты бірнеше мектептер мен орталықтардың қалыптасуы соны көрсетеді.

Орыс тілін отандық мамандардың бәрі білетін әрі олардың еңбектеріне қол жеткізу мүмкіндігі көбірек болғандықтан Ресей ғалымдарының бұл бағыттағы зерттеулері мен тәжірибесін де қажетіне қарай пайдалануға болады. Әрине, бұл жерде ұлт тілінің өзіндік ерекшеліктері мен ұлт мүддесі ескеруі тиіс. Алайда отандық терминографияның дамуына, өз мамандарымызды дайындап, өз орталықтарымызды қалыптастыруға да көбірек мән берген орынды. Өзірге біз терминография мәселелерін арнайы зерттеген Е.Әбдірәсіловтің «Қазақ терминографиясының ғылыми-теориялық негіздері» (2007) атты докторлық диссертациясын ғана атай аламыз. Терминологиялық сөздік түзушілер сөздік жасауға қатысты бірқатар сұрақтарына осы еңбектен де жауап таба алады. Қазақ терминографиясы әлі де жан-жақты зерттеле түссе, әсіресе практикалық терминография мәселелеріне көбірек көңіл бөлінсе, терминологиялық сөздік жасау ісі ілгерілеп, соған сәйкес сөздіктер сапасы да көтерілер еді. Терминография мәселелері жан-жақты зерттеліп жатса, соған сәйкес терминологиялық сөздік жасаудың тиімді тәсілдері, ұтымды да озық әдістемелері пайда болары сөзсіз.

Ал ұсынылып отырған нұсқаулық жоғарыда аталған осы саланы арнайы зерттеген жетекші ғалымдар еңбектері мен өзіміздің сөздік жасау тәжірибеміз бен оларды пайдалану барысында кездескен, байқалған жайттарды назарға ала отырып жасалған қысқаша әдістемелік құрал. Бұл нұсқаулық алда жарық көретін терминологиялық сөздіктердің сапасының артуына септігін тигізіп, сөздік жасаушылардың бір қажетіне жарап жатса, мақсатымыздың орындалғаны деп білеміз.

НҰСҚАУЛЫҚТА қолданылатын негізгі терминдер: термин, термин түрлері, терминдердің берілуі, терминбөлшек, терминология, терминжүйе, терминография, қазақ терминографиясы, практикалық терминография, терминографиялық еңбектердің түрлері, терминологиялық сөздік, терминологиялық сөздік түрлері, терминологиялық сөздіктердің макроқұрылымы, терминологиялық сөздіктердің микроқұрылымы, терминологиялық сөздіктердің медиақұрылымы, сөздік мақала, анықтама, анықтама беру, анықтама түрлері және т.б.

«Терминологиялық сөздік» атауы нұсқаулықта өте жиі қолданылатындықтан мәтінде оның «ТС» түріндегі қысқартылған нұсқасы қатар жұмсалады.

Терминологиялық сөздік жасаушы нені білуге және қандай мәселелерге айрықша көңіл бөлуге тиіс?

1. Термин сөздігін жасауды мақсат еткен кез келген маман ең алдымен терминтанудың осы мәселені арнайы зерттейтін **«терминография»** деп аталатын саласы бар екенін біліп, оның негізгі ұғымдарымен және сөздікшілерге арналған әдебиеттермен, практикалық, әдістемелік құралдармен танысқаны абзал.

Бұл сөздік жасаушының бағыт-бағдарын анықтап, сөздік түзуді неден бастап, қандай принциптерді басшылыққа алып, ТС-ті қандай талаптарға сай жасау қажеттігін біліп, жұмысты қалай ұйымдастырудың тиімділігін арттыру үшін өте қажет. ТС жасауда басшылыққа алып, пайдалануға ұсынылған негізгі әдебиеттер тізімі нұсқаулық соңында берілген.

2. Сөздіктің **мақсаты** айқын болғаны дұрыс.

Терминологиялық сөздіктер түрлі мақсаттарды көздей отырып жасалады. Мысалы: аумақтық (арельная), уақыттық бағдарды немесе нақты бір салаға (метадиалектілік) бағытталған сөздік түзуді көздей отырып, түрлі тілді тұтынушыға (тілдік бағдар) немесе мамандық иесіне (пәндік бағдар) арналып жасалуы мүмкін.

3. Сөздік жасаушы терминдер сөздігінің қандай **түрлері** бар екенін, олардың бір-бірінен айырмашылығын анық білуге тиіс. Терминдер сөздіктерінің бірнеше түрлері бар. Терминдер сөздіктері мақсаты мен құрылымына, тілдік бағдарына, көлемі мен қамтитын аумағына және басқа да ерекшеліктеріне байланысты бірнеше түрге бөлінеді.

Сөздік қай түрін жасауды ұйғаруы негізінен сөздікшінің мақсаты мен алға қойған міндеттеріне сәйкес айқындалады.

4. Сөздіктің **тілдік бағдары** айқын болуы керек.

Терминологиялық сөздің мақсаты белгіленіп, қандай сөздік түрін жасау керектігі нақтыланғаннан кейін немесе сонымен бір мезгілде оның тілдік бағдарын да айқындап алуға тура келеді.

5. Сөздіктің **кімге** (оқушыға, студентке, ғалымға, жалпы көпшілікке), қандай маманға (кең профильді маманға, белгілі бір сала маманына, тар сала маманына) арналғанын яғни, **салалық, уақыттық, қызметтік, көлемдік бағдарларын** білу өте маңызды. Сөздікке қойылатын бұл талап оның мақсатымен тығыз байланысты. Дәлірек айтқанда терминологиялық сөздіктің мақсатынан туындайды.

Ғылым мен техниканың, өнердің ұзақ жылдар, тіпті ғасырлар бойы үздіксіз дамуына байланысты олар іштей түрлі салаларға бөлініп, тармақталып кеткен. Мәселен, бір ғана медицина ғылымдары: хирургия, нейрохирургия, балалар хирургиясы, стоматология, онкология, кардиология, фармакология, урология, психиатрия және тағы басқа да көптеген жеке-жеке салаларға бөліп кеткен. Тіс дәрігерлеріне (стоматологтарға) арналған сөздік жасаушыға оған тікелей қатысы жоқ сала терминдерін қамтудың қажеті жоқ. Дәл сол сияқты мектеп оқушысына арналған сөздік жасаушыға белгілі бір пән (немесе тіл-әдебиет, физика-математика сияқты іргелес ғылымдар терминдерін) ауқымында қолданылатын терминдер ғана енгізілген сөздік жасаған тиімді.

6. ТС жасаушы **терминнің қандай түрлері** болатынын, олардың бір-бірінен айырмашылығы мен өзара ұқсас қырларын жақсы білуге тиіс.

Терминдер бірнеше түрге бөлінеді. Арнаулы сөздік жасау барысында сөздіктің мақсатына сәйкес солардың қайсысын қамтып, қандай түрін алмау немесе оларға анықтама беріп, сілтеме жасау үшін алдымен оларды ажырата білуге тура келеді.

7. ТС жасаушы терминге берілетін **анықтама түрлері** мен оның басым нұсқасына сілтеме жасау тәсілдерін жақсы білуге міндетті.

Негізінен терминологиялық түсіндірме сөздіктерде, энциклопедиялық терминологиялық сөздіктерде терминдерге тиісті анықтамалар, олардың дефинициясы беріледі. Ондай анықтамалар ұғым мәнін дәл ашып, нақты болуы және сөздік сипатына лайық болуы үшін сөздікші олардың айырмашылықтарын, оларға қойылатын талаптарды білуге тиіс.

8. Сөздікке енетін **терминдерді алудың дереккөздерін** білудің мәні зор.

Терминдер сөздігін түзуші оған енетін терминдерді кездейсоқ жинамай, қандай дереккөздерді пайдалану қажеттігін білгені жөн. Сонда сөздікке оны пайдаланушы мамандарға қажетті терминдердің толық қамтылуы қамтамасыз етіліп, қолданушылар сұранысын өтеуге мүмкіндік жасалады.

9. Терминдердің арнаулы **сөздікте берілуі** де оның тиімділігін арттырады. Сондықтан терминдердің берілу тәртіптері мен ретін білу де сөздікшіге өте қажет.

10. **Терминологиялық сөздіктерде жиі кездесетін кемшіліктерге** жол бермеген жөн.

ТС-терде жиі байқалып жататын кейбір кемшіліктер бар. Сөздік түзушілер соларға назар аударып, сөздік түзу барысында сондай олқылықтарға жол бермесе, сөздік сапасы артып, оның практикалық құндылығы, тиімділігі арта түседі.

- Төменде осы мәселелерге рет-ретімен жауап беріледі.

1.Терминография

Терминография – арнаулы сөздіктер түзудің жалпы әдіснамасы мен нақты тәсілдерін жасауды, терминологиялық сөздіктерді түріне қарай топтастыру мен жіктеудің қағидаттарын жасауды, жекелеген типтегі сөздіктерге арнаулы лексиканы таңдап алу мен оларды сөздікте берудің, сипаттаудың, мағынасын түсіндірудің ғылыми негізделген қағидаттарын жасауды қарастыратын терминтанудың саласы.

Терминографияны терминтанудың жеке бір саласы ретінде қарастырушы ғалымдар оны іштей бірнеше тармаққа жіктейді. Мысалы, терминографияның методологиялық, теориялық мәселелерін қарастыратын саласын – **жалпы терминография**, екі тілді терминологиялық сөздіктер жасаудың ғылыми-практикалық мәселелерін қарастыратын саласын – **екітілді терминография** көптілді (үш немесе одан көп тіл) терминологиялық сөздіктер жасаудың ғылыми-практикалық мәселелерін қарастыратын саласын – **көптілді терминография**, ал бір ғана арнаулы саланың терминологиялық сөздіктерін жасау мәселелерін қарастыратын саласын – **салалық терминография** деп атаушы ғалымдар бар.

«Терминография» терминін 1971 жылы А.Д.Хаютин ұсынған болатын. Қазір бұрын қолданыста болған «терминологиялық лексикография», «ғылыми-техникалық лексикография» терминдерін «терминография» термині толық алмастырды деуге болады.

Теориялық терминография – терминдерді реттеудің, түрлі терминологиялық сөздіктер жасаудың тиімді тәсілдерін негіздейтін теориялық зерттеу бағыты. Терминографиядағы кемшіліктер мен ескерілетін мәселелерді, терминологиялық сөздіктердің тиімді шығарылуына немесе тиімсіз шығарылуына ықпал етуші қозғаушы күштерді, терминологиялық сөздіктердің сөздік мақалаларын толтырудағы әдістер мен тәсілдердің ретін теориялық тұрғыдан айқындап, терминологиялық сөздік жасау ісін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Практикалық терминография – ұлт тіліндегі терминдері ретке келтіруге арналған практикалық еңбектер мен сөздіктерді жасау ісі.

Терминография тарихы – терминологиялық сөздіктер жасау, терминдерді бірізге түсіру бағытындағы еңбектердің құрылымын, ерекшеліктерін, даму, қалыптасу сатыларын, сол негізде шығарылған терминологиялық сөздіктердің

құрылымын талдау арқылы ескерілетін мәселелерін айқындайтын терминографияның зерттеу бағыты.

Қазақ терминографиясы – қазақ тіліндегі терминдерді реттеу, үйлестіру, жүйелеу, таныстыру жұмыстарын, терминологиялық сөздіктердің құрылымына қатысты тиімді тәсілдерді қарастыратын қазақ терминтану ілімінің бір зерттеу бағыты. Бұл зерттеу бағыты терминология мен лексикографиясының арасынан туындай отырып, терминдердің сөздіктерде берілуін тиімді қамтамасыз ету тәсілдерін қарастырады. Терминография терминжасам мен терминология, терминология тарихы тәрізді терминтанудың бір бөлігі.

Терминограф – терминографияның теориялық мәселелерімен, терминологиялық сөздіктер жасаудың ғылыми-практикалық, әдістемелік мәселелерімен айналысатын маман.

Арнаулы сөздіктер түзудің жалпы әдіснамасы мен нақты тәсілдерін жасау, терминологиялық сөздіктерді түріне қарай топтастыру мен жіктеудің қағидаттарын жасау, жекелеген типтегі сөздіктерге арнаулы лексиканы таңдап алу мен оларды сөздікте берудің, сипаттаудың, мағынасын түсіндірудің ғылыми негізделген қағидаттарын жасау сияқты мәселелер терминограф мамандардың атқаратын жұмыстары болып саналады.

«Терминограф» терминін 1975 жылы Э.Н.Натансон ұсынған. Терминологиялық сөздік жасаушылар әсіресе практикалық терминографияға көбірек көңіл бөлсе, сөздіктер сапасы жақсарып, олардың тиісті талаптарға сай жасалу мүмкіндігі арта түсері анық.

2. Терминологиялық сөздіктің мақсаты

Терминологиялық сөздік жасаушы алдына нақты мақсат қояды. Яғни кез келген терминологиялық сөздіктің көздеген мақсаты болады. Терминологиялық сөздіктер терминнің мағынасын түсіндіру, өзге тілдегі терминді ұлт тіліне аударып беру, ғылыми ұғым жөнінде ақпарат беру, оған қатысты маңызды мәліметтерді көрсету сияқты мақсаттарды көздейді.

Осы мақсаттардың қайсысын бірінші орынға қоюына байланысты жасалатын сөздік түрі айқындалады. Егер аударма сөздік болса, онда терминнің дәл баламасын беру басты мақсат саналады. Ал түсіндірмелі терминологиялық сөздік жасау қолға алынса, ондай терминнің мағынасын ашып көрсетуге, оның дефинициясына баса назар аударылады.

Жасалатын сөздік түрі мен оның құрылымы да осы мақсатқа сай таңдалады.

Алайда, аталған мақсаттардың жүзеге асырылуы үшін олардың құрылымы көздеген мақсаттарға сәйкес келуі тиіс. Мысалы, аударма сипатындағы сөздік болғандықтан екінші тілдегі баламасы толық аударма түрінде берілуі тиіс. Өкінішке қарай, қазақ терминографиясындағы

сөздіктердің аударма сөздіктердің көпшілігі осы талапқа жауап бере бермейді. Себебі, кірме терминдер көп болғандықтан олардың орыс тіліндегі нұсқасы да, қазақ тіліндегі нұсқасы да сол қалпында қайталанып беріледі. Мұндай жағдайда терминді аударып беру мақсаты, сөздіктің негізгі қызметі орындалмайды. Сондықтан аударма сөздіктерге кірме терминдерді беретін өзгелеу құрылым қажет.

Сөздіктерге қойылатын өлшем талаптардың бірі – олардың мақсаты мен қызметіне байланысты түрлері. Қазақ терминологиялық сөздіктерін негізінен аударма сөздіктер және түсіндірме сөздіктер ретінде қарастырған дұрыс. Түсіндірме сөздіктердің өзі қазақ терминографиясында аз деуге болады. Соңғы жылдары әр салаға қатысты шығып жатқан терминологиялық сөздіктердің дені де аударма мақсатындағы сөздіктер. Тіпті, 31 томдық сериялық сөздіктің құрылымы да екі тілдегі аударма сөздік болып табылады [58].

3. Терминологиялық сөздік түрлері

Терминологиялық әдебиеттердің терминтану мәселелеріне арналған монографиялар, ғылым-танымдық еңбектер, терминологиялық анықтамалық, терминологиялық басылымдар, терминтанушылық жарияланымдар, терминологиялық құралдар сияқты түрлері бар.

Түрлі сала мамандарының жиі қолданатын құралдарының бірі – терминологиялық сөздіктер. «Терминологиялық сөздік» атауы кең тарағандығына, өте жиі қолданылатындығына қарамастан, бұл терминнің түрлі әдебиеттерде «терминдер сөздігі», «терминдік сөздіктер» деген нұсқалары да жұмсалады.

Қандай мақсатты көздей отырып жасалғанына, алға қойған міндеттеріне, қызметіне, қамтитын тілдеріне, көлеміне, қолданылу мүмкіндігіне, терминдерді беру тәсілдеріне, шығарылатын қалыбына, қандай терминдер түрлерін қамтитынына, кімге арналғандығына және өзге де кейбір талаптарға байланысты терминологиялық сөздіктер бірнеше түрге жіктеледі.

Әртүрлі арнаулы сала ұғымдарының атаулары терминдерді қамтып, олардың мағыналарын түсіндіретін, жүйелік байланысын, аудармаларын, қолданылу ерекшеліктерін, этимологиясын т.б. сипаттарын көрсететін сөздік түрін **терминологиялық сөздік** деп атайды.

Терминологиялық сөздіктер әртүрлі типтегі болуы мүмкін. Мысалы, *түсіндірмелі, аударма, ақпараттық, этимологиялық, энциклопедиялық* т.б. Олардың негізгілері мыналар:

Әліпбилік терминологиялық сөздік – сөздікте қамтылған терминдер әліпби тәртібімен берілетін терминологиялық сөздік.

Әліпбилік-ұялық терминологиялық сөздік – сөздікке енгізілген терминдер әліпбилік-ұялық тәртіппен берілетін терминологиялық сөздік.

Түсіндірмелі терминологиялық сөздік – терминдердің мағыналары түсіндірілетін терминологиялық сөздік түрі.

Энциклопедиялық терминологиялық сөздік – сала терминологиясы жөнінде толық та жан-жақты мәлімет беретін терминологиялық сөздік.

Нормативтік терминологиялық сөздік – нормаланған терминдер қамтылатын терминологиялық сөздік.

Этимологиялық терминологиялық сөздік – термин сөздердің шығу төркінін, қай тілге қатысын, қандай мағыналық-құрылымдық өзгерістерге ұшырағандығын көрсететін терминологиялық сөздік түрі.

Түгендеуші терминологиялық сөздік – сала терминдерін түгел қамтуды мақсат ететін терминологиялық сөздік.

Тарихи терминологиялық сөздік – терминологияның даму тарихын хронологиялық тұрғыдан көрсететін терминологиялық сөздік.

Жаңа терминдер сөздігі – жаңа қолданысқа енгізілген терминдерді қамтитын сөздік.

Түсіндірмелі-аударма терминологиялық сөздік – терминдердің мағынасын түсіндіретін әрі аудармасы қоса берілетін сөздік түрі.

Аударма терминологиялық сөздік – терминдердің аудармалары берілетін терминологиялық сөздік түрі.

Оқулық терминологиялық сөздік – оқу процесіне арналған терминдер сөздігі. Сөздік мектеп оқушыларына немесе жоғары оқу орындарының студенттеріне арналуы мүмкін.

Біртілді терминологиялық сөздік – терминдердің бір ғана тілдегі нұсқасы берілетін терминологиялық сөздік түрі.

Екітілді терминологиялық сөздік – терминдердің екі тілдегі сәйкес нұсқасы берілетін терминологиялық сөздік түрі.

Бізде терминологиялық сөздіктің осы түрі кең тараған. Бұл ұзақ жылдар бойы ғылым мен техниканың көптеген салаларында орыс тілінің үстемдік етіп келуімен, негізінен терминдердің орыс тілі арқылы немесе орыс тілінен тікелей аударылып алынуымен байланысты қалыптасқан жағдай.

Көптілді терминологиялық сөздік – терминдердің бірнеше тілдегі сәйкес нұсқасы қатар берілетін терминологиялық сөздік түрі. Мысалы, *ағылшынша-қазақша-орысша* немесе *орысша-қазақша-немісше* т.б. терминдер сөздігі. Сөздіктің мұндай түрлерін жасау кейінгі жылдары қолға алына бастады.

Иллюстративті (көрнекі) терминологиялық сөздік – ұғымның анықтамасын толықтырып, арнаулы ұғым жөнінде жан-жақты немесе қосымша мәлімет беру мақсатымен көрнекілік әдіс пайдаланылып, сурет, сызба, фото сияқты түрлі бейнелер беріліп отыратын терминологиялық сөздік түрі.

Бұл сөздік түрін абстракті ұғымдары көп ғылым салаларынан (философия, психология, әдебиеттану т.б.) гөрі заттық ұғымдары басым

болатын техника, механика, радиотехника тәрізді салалар бойынша жасаған тиімді.

«Иллюстрация» – «айқындау, ашып түсіндіру» деген мағынаны білдірген [illustratio < illustrare] латын сөзі.

Жалпы ғылыми атаулар сөздігі – жалпы ғылыми атауларды қамтитын терминологиялық сөздік.

Көпсалалық терминологиялық сөздік – бірнеше арнаулы саланың терминдерін қамтитын терминологиялық сөздік. Бұл сөздік түрін «энциклопедиялық сөздік» деп атап жүрген ғалымдар да бар.

Салааралық терминологиялық сөздік – салааралық терминологияны қамтитын терминологиялық сөздік.

Салалық терминологиялық сөздік – белгілі бір арнаулы саланың терминдерін қамтитын сөздік. Бұл сөздікті «салалық сөздік» деп те атайды.

Терминдердің жиілік сөздігі – пайдаланылу жиілігіне қарай орналасқан терминдер тізімінен тұратын терминологиялық сөздік түрі.

Терминбөлшектер сөздігі – терминбөлшектерді қамтитын терминологиялық сөздік. Терминбөлшектердің мағынасы, шығу тегі көрсетіледі.

Қысқартылған терминдер сөздігі – терминдердің қысқартылған нұсқаларын қамтитын терминологиялық сөздік.

Толық терминологиялық сөздік – бір саланың терминдерін толық қамтитын терминологиялық сөздік.

Орташа терминологиялық сөздік – көлемі орташа, сала ұғымдарының барлығын қамтуды мақсат етпейтін терминологиялық сөздік.

Қысқаша терминологиялық сөздік – көлемі шағын, арнаулы саланың негізгі терминдерін қамтитын сөздік. Мұндай сөздіктерді кейде «Шағын терминологиялық сөздік» деп те атайды.

Стандартты терминдер сөздігі – стандарттарға негізделіп түзілген терминдер сөздігі.

Арнаулы сөздік қызметі – арнаулы сөздіктің (терминологиялық сөздік) негізгі міндеттері, атқаратын қызметі.

Арнаулы сөздіктер салаға қатысты **терминдерді түгендеу, нормалау** және **анықтамалық** қызметтерді атқарады.

4. Сөздіктің тілдік бағдары

Терминологиялық сөздіктің тілдік бағдары оның қанша тілді қамтитындығымен байланысты. Сөздіктің тілдік бағдары оның мақсатынан туындайды. Мәселен, түсіндірмелі терминологиялық сөздіктер негізінен бір тілді, ал аударма сөздіктер көбінесе екі тілді немесе үш, төрт, бес тіпті одан да көп тілдерді қамтуы мүмкін. Кеңестік кезеңнен қалыптасқан дәстүр бойынша ізде көбінесе екітілді аударма сөздіктер жарық көріп келді. Көптілді сөздіктер кейінгі жылдары жасала бастады. Алайда әлі де ондай сөздіктердің саны көп емес.

Аударма сөздіктерде тілдердің орналасуына көп көңіл бөлінеді. Бізде жарық көрген екітілді аударма сөздіктердің басым көпшілігі орысша-қазақша сөздік ретінде жасалып, бірінші орында орыс сөзі тұрады. Себебі кеңестік кезеңде де одан бергі қостілділік жағдайында да мәтіннің барлық түрінің басым бөлігі орысшадан қазақ тіліне аударылды. Әлі де осы дәстүр жалғасып келеді. Әлі де заңдардың, ісқағаздардың, әртүрлі нормативтік құқықтық құжаттардың, өзге де мәтіндердің басым бөлігі орысшадан қазақшаға аударылады. Сол себептен де аудармашылар мен сала мамандары орыс сөзінің қазақша баламасын іздеп, қолдарына алдымен орысша-қазақша сөздіктерді алады. Соңғы жылдары жарыққа шыққан қазақша-орысша сөздіктерді аз ғана қазақшадан-орысшаға аударушылар мен орыс тілін үйренушілер іздеуі мүмкін. Айналып келгенде сөздіктердегі тілдердің реті, орналасу тәртібі де сол елдегі тілдердің алатын орнын, тілдік ахуалды, оларға деген сұранысты, қоғамдағы қолданылу жағдайын, бір сөзбен айтқанда тілдердің шынайы мәртебесін көрсетеді десек болады. Мемлекеттік қазақ тіліне шынайы сұраныс туындаған кезде түрлі мәтіндер қазақ тілінен орыс, ағылшын және басқа да тілдерге аударылып, қазақша-орысша, қазақша-ағылшынша, қазақша-қытайша және тағы басқа да сөздіктерге сұраныс артады, қазақ тілі сөздіктердің бірінші бағанынан орын алады.

90-жылдардан бергі уақытта жарық көрген жекелеген қазақша-орысша, қазақша-ағылшынша, қазақша-түрікше сөздіктер мен терминдер сөздіктері лексикографиядағы, терминографиядағы осы бағытта жасалған ізгі қадамдар. Алдағы уақытта бұл жұмыстар жалғасын тауып, қазақ сөздері бірінші орынға қойылған сөздіктер артады деген үміттеміз. ТС жасауда да бұл мәселеге, сөздіктің тілдік бағдарына да ерекше көңіл бөлінуге тиіс.

5. Сөздіктің макроқұрылымы

Сөздіктің макроқұрылымы сөздіктің жалпы құрылымы мен түрлі лексикалық бірліктердің берілу сипаты. Макроқұрылымға сөздіктің оны құрайтын ішкі байланыстарынан тұратын өзіндік жүйе ретіндегі жалпы мәселелері жатады. Сөздіктің макроқұрылымын ТС құрылымының жалпы қағидаттары мен терминдердің сөздікте берілу қағидаттары, тілдік бірліктердің (терминдердің) синонимдік, антонимдік, паронимдік қатынастары семантикалық өрістердің, тақырыптық және лексика-семантикалық топтардың сыртқы байланыстары түзеді.

Сөздік жасауда бізде негізінен тілдік бірліктерді әліпби тәртібімен беру дәстүрі берік орныққан. Бұл белгілі бір сөзді, терминді іздегенде оны сөздіктен тез тауып алуға тиімді тәсіл. Алайда бұл тәсіл ұғымдардың өзара байланысын, олардың бір-біріне қатынасын көрсете алмайды. Ғылымда ұғымдар жүйесіне ерекше көңіл бөлінеді. Ұғымдар жүйесінің иерархиясын, әрбір ғылыми ұғымның сол жүйедегі алатын орнын, олардың өзара байланысын көрсету мамандар үшін өте маңызды. Сол себептен де сала мамандары ТС-тің ұғымдар жүйесін дәл бейнелегенін көбірек қалайды. Сол себептен де дәстүрлі әліпбилік тәртіптен гөрі жүйелік байланыстар көрініс табатын сөздіктерге басымдық беріп жатады.

Тілдегі барлық лексикалық қордың арасынан немесе терминдер қоры арасынан ТС жасалып жатқан салаға қатысты терминдерді іріктеп, жинап алу, соны негізге ала отырып сөзтізбе жасау да сөздік макроқұрылымы аясында атқарылатын жұмыстар қатарына кіреді. Сондай-ақ сөздіктің қолданылу тиімділігін арттыратын әліпбилік көрсеткіш те макроқұрылымды құрайтын бөліктердің бірі болып саналады.

Көптеген сөздіктерде сөздіктің макроқұрылымы мен оны пайдалану жөніндегі негізгі мәліметтер оның алғы сөзінде беріледі.

1. Сөздіктің микроқұрылымы

Сөздіктің микроқұрылымына сөздік мақаланың көлемі мен пішіні, құрамы мен ТС-ке енгізіліп отырған тілдік бірлік туралы этимологиялық, энциклопедиялық, семантикалық, грамматикалық, сөзжасамдық, стильдік және тағы басқа да ақпараттарды беру мәселесі жатады. Сөздің семантикалық құрылымын құрайтын болғандықтан Лексика-семантикалық варианттар да ол да сөздіктің микроқұрылымына жатады. Сөздік мақала кез келген сөздіктің негізгі құрылымдық бірлігі. ТС-те мағынасы түсіндіріліп отырған термин мен оның анықтамасы, сипаттамасы сөздіктің басты оны құрайтын бөлшегі.

2. Терминологиялық сөздік жасауда пайдаланылатын дереккөздер

Сөздік жасаушы: «ТС жасаушы сөздікке енгізілетін терминдерді қайдан, қандай көздерден алуы керек?» деген сұраққа жауап іздері сөзсіз.

Бұл сұраққа терминограф ғалымдар тарапынан жауап берілді. Өткен ғасырдың 80-жылдарының ортасында жарық көрген еңбегінде белгілі терминтанушы ғалым А.С.Герд былай деп жазады: «ТС жасауға негізінен сол салаға қатысты монографиялар мен ғылыми мақалалар жазатын жетекші ғалымдар мен практик мамандардың еңбектері негізгі дереккөз болады. Әдетте жоғары оқу орындарының ірі оқулықтарында ғылыми терминдер мен ұғымдардың нақты әрі айқын анықтамалары берілетіндіктен олар да пайдаланылатын дереккөздер арасында маңызды орынды иеленуі тиіс. ТС-ке Кеңестік үлкен энциклопедияда (БСЭ), салалық энциклопедия мен сөздіктерде қамтылған терминдердің барлығы енуі керек» [Основы научно-технической лексикографии (как работать над терминологическим словарем). Л., 1986. 10 с.].

ТС жасаудың негізгі дереккөздері ғалым тарапынан дұрыс атап көрсетілген. Осы аталған дереккөздерді сөздік жасаушылардың пайдаланғаны жөн. Тек БСЭ-ні тұрақты дереккөздер қатарында қоспау қажет деп санаймыз. Өйткені қоғам өмірінде болған көптеген өзгерістерге сәйкес кеңестік кезеңге тән көптеген ұғымдар ескіріп, әсіресе гуманитарлық ғылымдар саласындағы терминдердің елеулі бөлігі қолданыстан шығып қалды.

Сонымен қатар ғалымдар ТС жасаудың қосымша дереккөздері ретінде түрлі құжаттарды, рефераттар мен кітаптардың аңдатпаларын, ғылыми журналдарды да пайдалану қажеттігін атап көрсетеді.

Осы қатарға сөздік жасалып жатқан сала бойынша қорғалған кандидаттық, докторлық диссертациялар мен ғылыми мақалалар жинақтарын, ғылыми конференция материалдарын да қосқан жөн деп санаймыз.

3. Термин түрлері

Жаңа термин (*термин-неологизм*) – жаңа ұғымдардың атауы ретінде жасалып қолданысқа енген немесе бұрыннан бар ұғымның жаңа атауы ретінде ұсынылған термин.

Канадалық терминтанушы ғалымдар жаңадан жасалып, негізінен арнаулы салаларда қолданылып жүрген термин сөздерді «неоним» деп атап, ал жалпы тілдегі жаңа сөздерді «неологизм» деп атауды ұсынады. Олардың бұл ұсыныстары біртіндеп қолдау тауып, жаңа терминдерді «неоним» деп атаушылар қатары көбейіп келе жатқаны байқалады.

Негізгі термин (*основной термин*) – белгілі бір арнаулы саланың негізгі ұғымдарын білдіретін термин. Мысалы, *дыбыс, фонема, буын, сөз, сөйлем, мәтін, морфема*, сияқты терминдер тіл білімінің негізгі терминдері.

Тірек термин (*опорный термин*) – терминологиялық сөз тіркестерін жасауда негізгі тірек етіп алынатын термин.

Кірге термин (*заимствованный термин*) – өзге тілдерден тұтастай немесе жекелеген аспектілері (тұлғасы ғана, мазмұны ғана, құрылымы) алмасқан термин.

Өзге тілден алмасқан элементтерінің түрлеріне қарай (тұлғасы немесе жасалу үлгісі) олар *тұлғасы* (форма) *алмасқан және сөзжасамдық* немесе *синтаксистік құрылымы алмасқан* терминдер деп екіге бөлінеді.

Калька термин (*термин-калька*) – өзге тілден сөзжасамдық немесе синтаксистік құрылыммен алмасқан термин.

Калька термин – өзге тілдегі терминді оның құрылымын сақтай отырып, ұлт тіліне соған сәйкес келетін сөзбен, морфемамен дәл аудару арқылы жасалатын сөз термин немесе тіркесті термин.

Көп мағыналы термин (*многозначный термин*) – бірнеше мағынаны білдіретін термин.

Будан (гибрид) термин (*гибридный термин, гибридо-термин*) – бір бөлігі өзге тілден алмасқан, ал өзге бөлігі қабылдаушы тілге аударылған немесе байырғы сөз болып келетін терминдер. Мысалы, олардың қатарына *жартылай калька* (мысалы, **теле** (tele) + **көпір** (мость), **радио** + қондырғы) және бір бөлігі өзге тілден алынған, ал екінші бөлігі төл сөз болып келетін *жартылай кірге терминдер* жатады. Мұндайда түбір морфема да (мысалы, **демократия** + лан/дыр/у, **реформа** + шыл/дык) немесе қосымша морфема да (**фото** + сурет,т.б.) алмасуы мүмкін.

Терминбөлшек (*терминоэлемент*) дегеніміз – терминологиялық мағынасы бар ең кіші бірлік.

Терминбөлшек мағынасын түсіндіретін бірнеше анықтама бар. Солардың ішінде терминбөлшектің мағынасын толығырақ аша түсетін анықтама ретінде В.Ф.Новодранованың берген мына төмендегі анықтамасын айтуға болады:

Терминбөлшек – әдетте терминнің құрамында белгілі бір орынды иеленіп, мейлінше тұрақтаған жалпы мағынаны білдіретін, туынды терминдердің үнемі қайталанып отыратын және жаңа терминдер жасауға қабілетті бөлшегі.

Орыс тіліндегі *«терминоэлемент»* термині бізде соңғы уақытқа дейін өте сирек қолданылған, тіпті қолданыс таппаған термин деуге болады. Кейінгі жылдары кейбір ғылыми әдебиеттерде бұл терминді *«терминдік элемент»* түрінде тікелей аударып қолдану ұшырасып қалады.

Термин таңдау (*выбор термина*) – мамандар тарапынан ұсынылып жүрген терминдердің арасынан терминге қойылатын талаптарға мейлінше сай келетін нұсқаны сұрыптап, таңдап алу үдерісі.

Терминдерді түгендеу (*инвентаризация терминов*) – белгілі бір саланың, пәннің барлық немесе оның бір тармағының терминдерін жинау және сипаттау.

Терминдерді нормаландыру (*нормализация терминов*) – мамандардың тілдік қолданысындағы терминдердің ішінен мейлінше қолайлы әрі дәл нұсқаларды, терминдерді қолдану мен жасау ережелерін таңдау және соларға басымдық бере отырып, бекіту. Терминологиялық норма жалпытілдік нормаға негізделеді, алайда оған сәйкес келмейтін жағдайлар да болады.

Терминографиялық еңбектер түрлері – терминдерді қолданушысына жеткізетін еңбектер мен терминологиялық сөздіктер және олардың түрлері.

Терминографиялық еңбектерге оқулықтар, оқу құралдары, мерзімді басылымдар, ғылыми журналдар, терминологиялық сөздік түрлері, терминологиялық арнаулы басылымдар жатады.

9. Терминдердің сөздікте берілуі

Терминдердің берілуі (*подача/расположение терминов*) – терминологиялық сөздіктердегі терминдердің берілу тәртібі, реті.

Мысалы, арнаулы сөздіктерде терминдерді берудің мынадай түрлерін атауға болады: **Терминдерді берудің алфавиттік тәртібі** (*алфавитный порядок расположения терминов*), **терминдерді берудің жүйелік тәртібі** (*систематический порядок расположения терминов*), **терминологиялық сөз тіркестерін беру** (*подача терминологических словосочетаний*), **көпмағыналы терминдерді беру** (*подача многозначных терминов*).

10. Терминологиялық сөздіктерді түзуде кездесетін кемшіліктер

Отандық терминологиялық сөздіктерге шолу жасап, олардың сөздікке қойылатын талаптарға сәйкестігін зерделегенде ұтымды жақтарымен қатар, кемшін тұстары да, көпшілігінде жиі кездесіп жататын бірқатар кемшіліктер де бар екендігі байқалады. Теминографтар, терминологиялық сөздік жасаушылар осыларға назар аударғаны абзал.

Олар:

- Терминологиялық сөздіктің мақсаты мен міндетінің айқын болмауы;
- Сөздіктің бағдарының айқын болмауы;
- ТС макроқұрылымы мен микроқұрылымының дұрыс құрылмауы;
- Әлі қолданысы тұрақтамаған жана қолданыстар мен баламалардың, нормаға түспеген авторлық қолданыстардың сөздікке енгізілуі;
- Бір терминнің бірнеше нұсқасының қатар берілуі;
- Бірнеше ғылыми ұғымның бір ғана терминмен таңбалануы;
- Сөздікте қамтылуға тиіс сала терминдерінің оған енбей қалуы;
- ТС арналып отырған салаға, пәнге, мамандыққа еш қатысы жоқ немесе тек жанама қатысы бар терминдердің, сөз тіркестерінің енгізілуі;
- Терминге берілген анықтаманың оның мағынасы анық, нақты ашылып берілмеуі;
- Анықтаманың тым шұбалаңқы берілуі жеткізілуге тиіс басты ойды шашыратып, ақпаратты түсініксіз етуі;
- Анықтама тым қысқа беріліп, ұғымның негізгі белгілерін қамтымай қалуы;

- Терминологиялық аударма сөздіктердің атына заты сай болмай (аударылмайтын терминдер сөздігіне айналуы), көп терминдердің аудармасыз берілуі;
- Терминбөлшектер мен күрделі терминдер сыңарларының әркелкі аударылып, бірізділіктің сақталмауы және т.б.

Сонымен қатар ТС-терде іргелес ғылымдар мен үлкен бір ғылымның (мәселен, биология, медицина, экономика, заң, тіл білімі және т.б.) ішіне кіретін салалар терминжүйесі иерархиясының айқындалып, салалық терминологиялар шекарасының, аражігінің анық болмауы да сөздік түзуде қиындық туғызып жүрген мәселелердің бірі. Саланың немесе тар саланың ұғымдар жүйесін нақты көрсететін атаулардың да жүйелі болғаны, олардың арасына терминжүйеге қатысы жоқ терминдердің енбегені абзал. Бұл негізінен терминографияның, сөздік жасау ісінің өзекті мәселелерінің бірі. Сөздік түзуші сол саланы терең меңгерген тәжірибелі маман болса, ондай кемшіліктерге жол бермейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының жүйесі. – Астана, 2005. – 208 б.
2. Герд А.С. Основы научно-технической лексикографии: (Как работать над терминологическим словарем). – Ленинград: Издательство ЛГУ, 1986. – 71 с.
3. Гринев-Гриневиц С. В. Введение в терминографию: Как просто и легко составить словарь. Учебное пособие. Изд. 3-е, доп. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009, – 224 с.
4. Гринев С.В. Основы лексикографического описания терминосистем: Автореф. дисс. . докт. филолог. наук –М., 1990.
5. Гринев С.В. Введение в терминологическую лексикографию : Учебное пособие / – М.: МГУ, 1986 . – 102 с.
6. Дубчинский В.В. Искусство создания словарей. Конспекты по лексикографии. –Харков, 1994 . – 102 с.
7. Карпова О. М., Щербакова Е. В. PR: Проблемы терминографического описания. Иваново: Иван. Гос. Ун-т, 2005.184 с.
8. Капуллер Е. Л. и др. Рекомендации по разработке терминологических словарей. – М., 1988. 29 с.
9. Климовицкий Я.А. Некоторые методологические вопросы работы над терминологией науки и техники //Современные проблемы терминологии в науке и технике. –М, 1969.
10. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 240 б.
11. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. –Астана: «Педагогика-Пресс ИД», 2009. – 224 .
12. Лейчик В. М. Опыт построения классификации терминологических словарей //Теория и практика научно-технической лексикографии. – М., 1988. С. 40-47.
13. Лотте Д.С. Некоторые принципиальные вопросы отбора и построения научно-технических терминов//Изд. АН СССР. Отд-ние техн. наук. – 1940. №7.
14. Лотте Д.С. Влияние классификации на точность терминологии // Основы построения научно-технической терминологии. –М.: Изд-во АН СССР, 1961.
15. Лотте Д.С. Образование системы научно-технических терминов//Основы построения научно-технической терминологии. –М.: Изд-во АН СССР, 1961.
16. Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии // Вопросы теории и методики. –М.: Изд-во АН СССР, 1961.
17. Марчук Ю.Н. Основы терминографии. – М.: ЦИИ МГУ, 1992. – 76 с.

17. Медведева И.В. Принципы составления терминологического словаря, отражающего многоаспектную характеристику термина :На материале фонетических терминов тема диссертации и автореферата по ВАК 10.02.01, кандидат филологических наук.

Хаютин А. Д. Принципы лексикографического подхода к описанию языка и типология словарей. – М., 1992.16 с.

Сөздік жасаушыларға ұсынылатын әдебиеттер

1. Бурт Э. М. Научные понятия как системы и их описание в толковых терминологических словарях // Вопр. языкознания. 1984. № I. С. 36-43.
2. Вельштейн А. М. О единых лексикографических требованиях к терминологическим словарям // Семиотические проблемы языка науки, терминологии и информатики. М., 1971. С. 701-703.
3. Гавинский А. Н. Теоретические основы выбора оптимальной структуры двуязычных отраслевых словарей как одного из средств упорядочения научно-технической терминологии (на материале англо-русских, русско-английских и англоязычных терминологических словарей): Автореф. дис.... канд. фил. наук. Киев, 1978. 23 с.
4. Герд А. С. Основы научно-технической лексикографии. Л., 1986. 102 с.
5. Герд А. С. Специальные словари и их источники // Современная русская лексикография 1981. Л., 1983. С. 136-149.
6. Герд А. С. Терминологический словарь среди других типов словарей // Гринев С. В. Принципы создания терминологических словарей для научно-технического перевода // Терминологические аспекты научно-технического перевода. Пенза, 1987. С. 24-26
7. Гринев С. В. Терминография: проблемы и перспективы // Теория и практика научно-технической лексикографии и перевода. Горький, 1990. С. 17-23.
8. Городецкий Б. Ю. Проблемы и методы современной лексикографии // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XIV. М., 1983. С. 5-22.
9. Дубининский В. В. Теоретическая и практическая лексикография. Вена-Харьков, 1998. 160 с.
10. Игнатъев Б. И. Принципы построения отраслевого двуязычного словаря // Научно-техническая информация. Сер. 1. 1974. № 5. С. 24-30.
11. Караулов Ю. Н. и др. Анализ метаязыка словаря с помощью ЭВМ. М., 1982. 96 с.
12. Караулов Ю. Н. Лингвистическое конструирование и тезаурус литературного языка. М., 1981. 138 с.
13. Лейчик В. М. Принципы отбора материала для двуязычного терминологического словаря // Актуальные проблемы теории и практики перевода научно-технической литературы. Орел, 1981. С. 50-52.
14. Лотте Д. С. Вопросы заимствования и упорядочения иноязычных терминов и терминологических элементов. – М., 1982.
15. Марчук Ю. Н. Основы терминографии. М., 1992. 76 с.

16. Никитина С. Е. Тезаурус как способ описания и представления языка науки (на материале лингвистической терминологии): Автореф. дис. ...канд. филол. наук. М., 1983. 18 с.
17. Новиков Л. А. Учебная лексикография и ее задачи // Вопросы учебной лексикографии. М., 1969. С. 3-11
18. Перерва В. М. О принципах и проблемах отбора терминов и составления словника терминологических словарей // Проблематика определения терминов в словарях разных типов. Л., 1976. С. 190-204.
19. Роман Хайчук, Александр Зубов Основы создания терминологических словарей. Белосток, Трансхумана, 2004.
20. Сергеев В.Н. О типах современных терминологических словарей// Вопросы разработки научно-технической терминологии. Рига, 1973. С. 190-200.
21. Табанакова В. Д. Семантизация термина в одноязычных терминологических словарях: Автореф. д и с.... канд. филол. наук. Л., 1981. 22 с.
22. Теория и практика научно-технической лексикографии. М., 1988. 304 с.
23. Терминологическая система как объект лексикографии. М., 1989. 48 с.
24. Хаютин А.Д. Теоретические проблемы и практические задачи термино-
25. графии // Проблемы общей и терминологической лексикографии. Баку, 1978. С. 102-104.
26. Шайкевич А. Я. Проблемы терминологической лексикографии. М., 1983. 67 с.
27. Щерба Л. В. Опыт общей теории лексикографии // Щерба Л. В. Языковая
28. Система и речевая деятельность. Л, 1974. С. 265-304. 4-е изд. М.: Издательство ЛКИ/URSS, 2008.